

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Қазақстан тарихы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Мезгіл пысықтауыштың сұрақтары
 - A) қайда?
 - B) қашан?
 - C) қайдан?
 - D) қалай?
 - E) неге?

2. Қандай, неше, кімнің, ненің сұрақтарына жауап беретін сөйлем мүшесі
 - A) бастауыш
 - B) пысықтауыш
 - C) баяндауыш
 - D) толықтауыш
 - E) анықтауыш

3. Тура толықтауышты анықтайтын септік жалғауы
 - A) -нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен
 - B) -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті
 - C) -да, -де, -та, -те, -нда, -нде
 - D) -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің
 - E) -ға, -ге, -қа, -ке, -а, -е

4. Қабыса байланысқан сөз тіркесі
 - A) жаның ашиды
 - B) бұлақ басында
 - C) таулардан ағады
 - D) дала данышпаны
 - E) жаңарған өңір

5. Матаса байланысқан сөз тіркесі
 - A) шебердің қолы
 - B) басқа өрлеу
 - C) сөз саптау
 - D) мен қазақпын
 - E) сырлы аяқ

6. Сөйлемнің басқа мүшелерімен грамматикалық байланысқа түспейтін сөз табы
- A) етістік
 - B) үстеу
 - C) одағай
 - D) есімдік
 - E) еліктеу
7. Демеулік шылаудың қызметі
- A) тіркескен сөздерге қосымша мағына береді
 - B) сөз мағынасын өзгертеді
 - C) сөз мағынасын түрлендіреді
 - D) сөздерді байланыстырады
 - E) сөйлемдерді байланыстырады
8. Іс-әрекет, қимылдың түрлі белгілерін білдіретін сөз табы
- A) еліктеу
 - B) есімдік
 - C) сын есім
 - D) үстеу
 - E) сан есім
9. Жіктік жалғауын қабылдамайтын етістік
- A) есімше
 - B) осы шак
 - C) етіс
 - D) тұйық етістік
 - E) көсемше
10. Өзгелік етіс тұлғасындағы сөз
- A) шегеле
 - B) көріс
 - C) жазыл
 - D) көрін
 - E) айтқыз
11. Құранды етістік қатары
- A) көмек ет
 - B) жазып жүр
 - C) апар
 - D) қалып қой
 - E) әкел

12. Әр, кей, еш сөздері бірігіп жазылатын сөз таптары
- A) зат есім
 - B) сан есім
 - C) есімдік
 - D) сын есім
 - E) етістік
13. Септік жалғауы тікелей жалғанбайтын есімдік
- A) жалпылау
 - B) өздік
 - C) жіктеу
 - D) сұрау
 - E) сілтеу
14. Зат есім, сын есім, сан есімнің орнына жұмсалатын сөз табы
- A) еліктеу
 - B) үстеу
 - C) етістік
 - D) сын есім
 - E) есімдік
15. Жинақтық сан есім жасайтын жұрнақ
- A) -тай, -тей
 - B) -ншы, -нші
 - C) -даған, -деген
 - D) -дан, -ден
 - E) -ау, -еу
16. Салыстырмалы шырайдың жұрнағы
- A) -лық, -лік
 - B) -шаң, -шең
 - C) -ғы, -гі
 - D) -рақ, -рек
 - E) -лас, -лес
17. Туынды сын есімді білдіретін қатар
- A) сүзгі, түрткі
 - B) күзгі, түскі
 - C) күлкі, ұйытқы
 - D) үлгі, шалғы
 - E) қысқы, бұрғы

18. Зат есім тудыратын өнімді жұрнақ
- A) -шы, -ші
 - B) -қар, -кер
 - C) -ым, -ім
 - D) -ғыш, -гіш
 - E) -лық, -лік
19. Туынды зат есім жасайтын өнімді тәсіл
- A) лексикалық
 - B) синтаксистік
 - C) аналитикалық
 - D) морфологиялық
 - E) семантикалық
20. Бірігу жолымен жасалған зат есім
- A) білезік
 - B) адамгершілік
 - C) қалып
 - D) жидашы
 - E) киіз үй

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Сөйлем мүшелері
- A) анықтауыш
 - B) пысықтауыш
 - C) одағай
 - D) баяндауыш
 - E) есімдік
 - F) етістік
22. Сөздердің байланысу тәсілдері
- A) қиысу
 - B) орын тәртібі
 - C) қабысу
 - D) сөз
 - E) қосымша
 - F) шылау
23. Септеулік шылау
- A) таман
 - B) біресе
 - C) дегенмен
 - D) және
 - E) қарай
 - F) үшін
 - G) өйткені
24. Одағайдан жасалған етістікті тап
- A) ойбайлау
 - B) мұрттай ұшу
 - C) жарқ ету
 - D) алақайлау
 - E) тырсылдау
 - F) көмек қылу
 - G) ойлау
25. Көңіл-күйді білдіретін одағайлар
- A) құрау-құрау
 - B) тәйт
 - C) шөре-шөре
 - D) бәрекелді
 - E) қап
 - F) тек
 - G) алақай

26. Сілтеу есімдігінің тәуелденген түрі
- A) соларың
 - B) осыным
 - C) осыңыз
 - D) бұған
 - E) осының
 - F) мынаны
27. Бірігу жолымен жасалған үстеу
- A) таңертең
 - B) әдейі
 - C) жылдам
 - D) төмен
 - E) ежелден
 - F) бүгін
 - G) биыл
28. Барыс септік тұлғасындағы есімдік
- A) сізге
 - B) әркімде
 - C) бәрін
 - D) осыған
 - E) онымен
 - F) маған
29. Белгісіздік есімдігі
- A) кейбір
 - B) ешқайсысы
 - C) әлдекім
 - D) осы
 - E) біреу
 - F) ешкім
 - G) ешқайда
30. Сапалық сын есімдер
- A) кең
 - B) шешен
 - C) аласа
 - D) сыртқы
 - E) таулы
 - F) қызғылт
 - G) тез

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Көкпар

Көкпар – жігіттердің күш-қайратын, ерлік, ептілігін сынайтын елдің ерекше қасиетін, ерекшелігін танытатын ұлттық салт ойыны. Жұрт «көкпар» немесе «көк бөрі» деп атайды. Айтта, тойда, аста «көкпар» тартылады. Ойынға екі жақтан ат тұрманы сайлы, мықты, епті жігіттер шығады. Көкпарға лақ беріледі. Күші, айласы асқан жігіттер жеңіске жетеді. Көкпардың мұндай түрін «тақым тартыс» деп атайды. Көкпарға бірнеше адам қатысады. Мұны дода дейді. Ойын шарты бойынша көкпарды жерден алып қашып, бұрынғы кезде бір құрметті адамның үйіне апарып тастауға тырысады.



31. Көкпар тартылады
- A) Тойда, аста
 - B) Спорттық ойындарда
 - C) Жиналыста
 - D) Кездесуде
 - E) Құрылтайда
32. Айтта, тойда, аста «көкпар» тартылады сөйлеміндегі бірыңғай бітеу буынды сөз
- A) көкпар
 - B) аста
 - C) айтта
 - D) тартылады
 - E) тойда

33. Ұлттық ат спорты ойыны

- A) Асық ату
- B) Күш сынасу
- C) Көкпар
- D) Алтыбақан
- E) Жамбы ату

34. «Мықты» сөзінің синонимдері

- A) той, ас, айт
- B) күшті, қайратты
- C) қасиетін, ерекшелігін
- D) ат-тұрман, ер-тұрман
- E) айлалы, епті

35. Көкпар ойынына кімдер қатынасады

- A) балалар
- B) қыздар
- C) қариялар
- D) жігіттер
- E) оқушылар

2-жағдаят

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Туған тілдің тұғыры

Тіл туралы сөз – ең жанды жеріміз. Алаш арысы Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» дейтін сөзі бар. Арғы-бергі тарихты адақтап, әлемдегі мемлекеттердің тіл туралы тұжырымдарына зер салсақ, өзінің тілін «Ана тілі» деп дәріптейтін де, ардақ тұтып қадірлейтін жұрттың бірі біздің халқымыз екен. Ата-бабаның ұлы дәстүрін, тарихы мен шежіресін, әні мен жырын туған тілінде тыңдап, жүрегіне ұялатып өскен ұрпақтың өкілі ретінде қазақ тілінің бүгінгі мен болашағына ерекше мән беремін.

Әрине, оның кешегі кеңестік кезеңде жолы тар, орны төменде болғанын бәріміз білеміз. Отарлық құрсаудың темір қақпаны ана тіліміздің адымына шідер салып, дамуына кедергі келтірді. Тіл шұбарланды, онымен бірге діл тұманданып, сана күмәнданды. Сана сергітер саңлақ тіліміздің тұсалған кезі еді ол. Оны бүгінгі ұрпақ – біз ұмытсақ, келер ұрпақ одан әрі жаңылып, жаза басуы мүмкін. Ұлттың ұлы қазынасы – Ана тілін жаңа ғасырдың биігіне абыроймен алып шығу – бүгінгі ұрпақтың парасатты парызы.

Кеңестік кезеңде, одан бергі тәуелсіздік таңы тұсында, ақын сөзінің астары басқаша ашылып, шындығында да, «сөз өнері – дертпен тең» жағдайға жеттік. Ұлтымыздың ұлы тілі басқа шауып, төске өрлеген өктем тілдің шылауына айналып, өз жерімізде баспалап сөйлейтін кезеңге келдік. Отарлық езгінің қаруын қолға ұстаған дүмділер тілді бұғаулау ғана емес, ойды тұсау, ұлттық ділді шеттету идеясын мықтап қолға алып, ата мен бала, келін мен ене жат тілде шүйіркелесіп, отбасының өзара үндесуі де өзге тілге ойысып бара жатты.

Біз кейде тәуелсіздікті «оңай алдық, дайын күйде кезіктік» деген солақай пікірлерді де естіп қаламыз. Бұл – тіптен қате байлам. Тәуелсіздік берген ең құнды, ең бағалы бір жетістік – туған тіліміздің мәртебесін көтеріп, оны Конституциямыздың 7-ші бабында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп бекем түрде бекіттік. Тілімізге теңдік тиді, қапияда жоғалған құны қайта қалпына келіп, төрге шықты, төрелікке қол жеткізіп, заңдық негізге ие болды.

Ата Заңның айбарында мемлекеттіліктің мәртебесі мен мерейін көтеріп тұрған бұл баптың бабын таба алмай, баянын орната алмасақ, өзімізге ренжиік. Өз тілін өгейсініп, өзге тілдің ығына жығылғандардың қарасы қазіргі кезде біртіндеп азайып келеді. Бірақ ондайлар мемлекеттік қызметте әлі көптеп кездеседі. Абайлай жүріп, ақылға жүгінсек, оның да ыңғайы келіп, реті табылар Жаңа, жас толқын келіп, тілдің мәртебесін бұдан

жоғары сатыға көтерер. Әрі солай болатынына күмән келтірмейміз.
(Н.Ә.Назарбаев)

36. «Күмәнданды» сөзіне қосымшаның жуан жалғану себебі
- A) бірінші буында жіңішке ү дыбысы бар сөзге
 - B) к дыбысынан басталатын сөзге
 - C) жіңішке буынды сөзге
 - D) соңғы буынында ә дыбысы бар сөзге
 - E) түбір сөзге байланысты
37. Антоним сөздер
- A) ой-сана
 - B) тарих-шежіре
 - C) мәртебе-мерей
 - D) өгей-жат
 - E) арғы-бергі
38. «Адақтап» сөзінің мәтіндегі білдіретін мағынасы
- A) аралау
 - B) аяқтау
 - C) ерекшелену
 - D) ақтару
 - E) кезу
39. «Ренжіік» сөзінің дұрыс айтылуы
- A) ренжійік
 - B) іренжійік
 - C) іренжүйік
 - D) ренжыйік
 - E) ыренжиік
40. «Тіл шұбарланды, онымен бірге діл тұманданып, сана күмәнданды» құрмалас сөйлем құрылысына қарай түрі
- A) салалас
 - B) қарсылықты
 - C) сабақтас
 - D) ыңғайлас
 - E) аралас

2-БЛОК: Қазақ тілі
ПӘНІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ